

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқармасының 09.02.17 жылғы № 77
шешімімен бекітілген,

Басқарманың
29.11.17 жылғы №855,
05.02.18 жылғы №80,
09.07.18 жылғы №535,
16.05.19 жылғы №3-0516-10,
30.12.2019 жылғы №3-1230-01,
17.06.2022 жылғы №861_17.06.2022-АЖЖ,
18.09.2023 жылғы №0918/2,
08.04.2024 жылғы №0408/3,
17.03.2025 жылғы №0317/3,
22.07.2025 жылғы №0722/9
шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

Утверждено Решением Правления
АО «Банк ЦентрКредит» от 09.02.17 г. № 77

С учетом внесенных изменений и дополнений в
соответствии с Решением Правления:
№855 от 29.11.17г.,
№80 от 05.02.18 г.,
№535 от 09.07.18 г.,
№ 3-0516-10 от 16.05.19 г.,
№3-1230-01 от 30.12.2019г.,
№861_17.06.2022-НПС от 17.06.2022г.,
№0918/2 от 18.09.2023г.,
№0408/3 от 08.04.2024г.,
№0317/3 от 17.03.2025г.,
№0722-9 от 22.07.2025 г.

«ВСС ТӨЛЕМДЕР» ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ШАРТТЫҢ ҮЛГІ НЫСАНЫ/ ТИПОВАЯ ФОРМА ДОГОВОРА ПО УСЛУГЕ «ВСС ПЛАТЕЖИ»

Осы Жеке тұлғалардан (бұдан кейін – Төлеушілер) заңды тұлғаның (бұдан кейін – Компания) пайдасына төлемдерді қабылдау туралы шарт (бұдан кейін мәтін бойынша – Шарт) «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан кейін – Банк) «ВСС төлемдері» қызметі арқылы банктік қызмет көрсетуінің талаптары мен тәртібін айқындайды, Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ Банк пен Компания арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде айқындалғандай) белгілейді.

Осы талаптар қолданыстағы заңнаманың негізінде және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

Осы Шарттың мәтіні бойынша Компания – жұмыстарды / қызметтерді орындаушы немесе тауарды жеткізуші болып табылатын заңды тұлғалар немесе оның оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері), шаруа (фермер) қожалықтары, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар.

Банк және Компания бұдан кейін бірігіп «Тараптар» деп аталады.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының қағидаларына сәйкес Банк пен Компания арасында жасалатын қосылу шарты болып табылады, Компания оның талаптарын Компания (компанияның уәкілетті өкілі) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қол қойған Шартқа қосылу туралы өтініштің (бұдан кейін – Қосылу туралы өтініш) негізінде жалпы тек Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдай алады.

Настоящий договор (далее по тексту – Договор) на прием платежей от физических лиц (далее – Плательщики) в пользу юридических лиц (далее – Компания), определяет условия и порядок предоставления АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Банк), банковского обслуживания. На основании Договора на прием платежей (далее Договор по услуге «ВСС платежи»), устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон, а также иные особенности правоотношений между Банком и Компанией (как определено ниже).

Настоящие условия подготовлены на основе действующего законодательства и в соответствии с внутренними документами Банка.

По тексту настоящего Договора Компания – юридические лица или его обособленные подразделения (филиалы и представительства), крестьянские (фермерские) хозяйства, индивидуальные предприниматели, частные нотариусы, частные судебные исполнители, адвокаты. и профессиональные медиаторы, являющиеся исполнителями работ/услуг или поставщиками товаров.

Банк и Компания далее совместно могут именоваться «Сторонами».

Договор является договором присоединения, заключаемым между Банком и Компанией в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Компанией не иначе, как путем присоединения к Договору в целом на основании Заявления о присоединении к Договору (далее – Заявление о присоединении), подписанного Компанией (уполномоченным представителем Компании) в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.

Банк және Компания туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады. Компанияның Қосылу туралы өтінішке қол қоюы мыналарды білдіреді:

- Компания Шарттың талаптарын оқып, оларды түсінді және толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықсыз қабылдады;

- Шартта Компанияға ауыртпалық салатын, сондай-ақ ол өзінің саналы мүддесіне байланысты оларды қабылдамайтын қандай да бір талаптардың жоқ;

- Егер Банкте Компания қол қойған Өтініш болса, онда Компанияның Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде өзінің қолтаңбасының Шартта болмауына жүгінуге құқығы жоқ;

- Компания Төлеушілерден Компанияның пайдасына төлемдерді қабылдау жөніндегі барлық талаптармен келіседі;

- Шарттың барлық қағидалары Компанияның мүддесі мен қалауына толықтай сәйкес келеді;

- Компания Шарт жасасу үшін қажетті барлық процедураларды сақтады;

- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Компанияның құрылтай және өзге де құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Компанияға қолданылатын заңнаманың кез келген қағидасын бұзбайды және оның бұзылуына әкеп соқпайды.

Егер Қосылу туралы өтініштің өзінің мәтінінде өзгеше ескерілмесе, Төлеушілерден Компанияның пайдасына төлемдерді қабылдау бойынша Банк көрсететін қызметтер аясында Банк Компаниядан қабылдаған өтініштер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА, ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың талаптары стандартты нысанда белгіленген және Компания оны тек Шарттың үлгі нысанына қосылу туралы өтінішке (бұдан кейін мәтін бойынша – Өтініш) қол қою арқылы қабылдай алады. Өтінішке қол қойғанға дейін Компания www.bcc.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған талаптарын қосқанда, Шарттың мәтінімен танысуы керек.

1.2. Банк Компания клиенттері – жеке тұлғалардан (Төлеушілерден) осы Шарттың талаптарына сәйкес кейін ақша қаражаттарын Компанияның басқа Банкте ашылған ағымдағы шотына аудару үшін Компанияның Банкте ашылған ағымдағы шотына/транзиттік шотына ұлттық валютамен

Сведения о Банке и Компании указываются в Заявлении о присоединении. При этом Заявление о присоединении и Договор рассматриваются исключительно в качестве единого документа. Подписание Компанией Заявления о присоединении свидетельствует о том, что:

- Компания прочитала, поняла и приняла условия Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;

- Договор не содержит каких-либо обременительных для Компании условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;

- Компания не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Банка имеется Заявление о присоединении, подписанное Компанией;

- Компания соглашается со всеми условиями по приему платежей от Плательщиков в пользу Компании;

- Все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Компании;

- Компанией соблюдены все процедуры, необходимые для заключения Договора;

- Заключение Договора и исполнение его условий, не нарушит и не приведет к нарушению учредительных и иных документов Компании и (или) любого положения законодательства Республики Казахстан и (или) применимого к Компании законодательства.

Все Приложения к Договору, заявления, принятые Банком от Компании в рамках, оказываемых Банком услуг по приему платежей от Плательщиков в пользу Компании, являются неотъемлемой частью Договора, если иное не оговорено в тексте самого Заявления о присоединении.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ, ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Условия настоящего Договора определены в стандартной форме и могут быть приняты Компанией не иначе как путем подписания Заявления о присоединении к типовой форме Договора (далее по тексту – Заявление). До подписания Заявления Компания должна ознакомиться с текстом Договора, включающим условия, размещенным на официальном сайте Банка по адресу www.bcc.kz.

1.2. Банк осуществляет приём платежей в национальной валюте от клиентов Компании – физических лиц (Плательщиков) на текущий счет Компании в Банке/транзитный счет с последующим перечислением денежных средств на текущий счет Компании, открытый в другом

жүргізілген төлемдерді қабылдауды жүзеге асырады. Компанияның өтінішке қол қойғаны оның Шартқа тұтастай қосылғанын білдіреді.

1.3. Банк Банктің қолданыстағы тарифтеріне (бұдан кейін – Тарифтер) сәйкес комиссиялық сыйақы ала отырып, Төлеушіден Компанияның пайдасына төлемдерді қабылдауды жүзеге асырады. Компания банктік қызметтерге ақы төлейтін Банктің қолданыстағы тарифтері www.bcc.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған.

2. ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

2.1. Банк Төлеушілерден төлемдерді ұлттық валютада қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз тәсілмен қабылдауды, кейіннен Компанияның пайдасына аударуды жүзеге асырады.

2.2. Банк Төлеушіге төлемді жүзеге асыру үшін қажетті ақша енгізілмеген /немесе Төлеушінің шотында ақша жеткіліксіз болған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген төлем құжатына қойылатын талаптар сақталмаған кезде, төлемді қабылдаудан бас тартуға құқылы.

2.3. Төлеушілерден қабылданған төлемдер сомасын Банк Қосылу туралы өтініште көрсетілген Компанияның шотына аударады, бұл ретте егер Компанияның:

- Банкте шоты ашылған болса, Төлеушіден қабылданған төлемдер сомасы Компанияның шотына Банктің операциялық күні ішінде түседі;
- Банкте шоты болмаса, Төлеушілерден қабылданған төлемдер сомасы Банктің келесі операциялық күнінен кешіктірілмей аударылады.

2.4. Компанияның пайдасына Төлеушілерден төлемдерді қабылдау бойынша комиссиялық сыйақыны ұстап қалуды Банк осы Шартта көзделген талаптармен, Өтініштің талаптарына сәйкес Банктің қолданыстағы тарифтерінде көрсетілген мөлшерде жүзеге асырады.

2.5. Компания қосылу туралы өтінішке қол қойып, Банкке төлем сомасынан ұстап қалу жолымен комиссиялық сыйақыны өз бетінше алуды тапсырады, оған Компания Өтінішке сәйкес өзінің сөзсіз және қайтарылмайтын келісімін береді.

2.6. Банк Шарттың 3-қосымшасына сәйкес өткен күн бойынша жиынтық тізілімді электронды түрде Қосылу туралы өтініште көрсетілген Компанияның электронды мекенжайына жіберу арқылы қабылданған төлемдер туралы Компанияны күнде хабардар етіп тұрады. Электрондық мекенжайы өзгерген кезде, Компания оның өзгергеніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Шарттың 6.3-

банке (далее совместно могут именоваться «Счет»)) в соответствии с условиями настоящего Договора. Подписание Компанией Заявления означает присоединение к Договору в целом.

1.3. Банк осуществляет прием платежей от Плательщика в пользу Компании за комиссионное вознаграждение, согласно действующим тарифам Банка (далее – Тарифы). Актуальные Тарифы Банка, согласно которым Компания оплачивает банковские услуги, размещены на официальном сайте Банка по адресу www.bcc.kz,

2. ПОРЯДОК И УСЛОВИЯ ПРИЕМА ПЛАТЕЖЕЙ

2.1. Банк осуществляет прием платежей от Плательщиков наличным и безналичным способом в национальной валюте с последующим осуществлением перевода в пользу Компании.

2.2. Банк вправе отказать Плательщику в приеме платежа при невнесении им денег /либо недостаточности денег на счете Плательщика, необходимых для осуществления платежа, или несоблюдении требований к платежному документу, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.

2.3. Суммы платежей, принятые от Плательщиков, Банк зачисляет на Счет Компании, указанный в Заявлении о присоединении, при этом, в случае если у Компании:

- открыт Счет в Банке, то сумма платежей, принятых от Плательщика, поступает на Счет Компании в течение операционного дня Банка;
- отсутствует Счет в Банке, то сумма принятых платежей от Плательщиков переводится не позднее следующего операционного дня Банка.

2.4. Удержание комиссионного вознаграждения по приему платежей от Плательщиков в пользу Компании Банк осуществляет на условиях предусмотренным настоящим Договором в размере, указанных в действующих Тарифах Банка, согласно условиям Заявления.

2.5. Компания, подписав Заявление о присоединении поручает Банку самостоятельно взимать комиссионное вознаграждение путем его удержания с суммы платежа, на что Компания дает свое безусловное и безотзывное согласие, согласно Заявления.

2.6. Банк ежедневно информирует Компанию о принятых платежах путем направления в электронном виде сводного реестра согласно Приложения 3 к Договору, за предыдущий день, на электронную почту Компании, указанную в Заявлении о присоединении. При изменении адреса электронной почты Компания не менее чем за 5 (пять) рабочих дней до его изменения

тармағында көзделген әдіспен Банкке Компанияның электрондық мекенжайының өзгеруі туралы ақпаратты жазбаша түрде береді.

2.7. Банк төлемдерді қабылдауға және өңдеуге арналған Банктің тікелей бақылауындағы жүйелердің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Банкке тәуелді емес себептер бойынша қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда, оны қалпына келтіру үшін барлық ықтимал шараларды қолданады.

2.8. Қате нұсқау немесе Төлеуші санкцияламаған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды Банк көрсетілген ақша аударылған Компанияның банктік шотынан оның келісімінсіз ақша алу жолымен жүзеге асырады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Банктің құқықтары мен міндеттері:

3.1.1. Банк Компанияға Банктің www.bcc.kz сайтында өзекті ақпаратты орналастыру арқылы Компанияның шотына төлемдер қабылдауды жүзеге асыратын филиалдары мен бөлімшелерінің тізімін беріп, олардың мекенжайларын көрсетеді.

3.1.2. Қолданыстағы заңнамаға және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес Компания Банкке тапсыруға тиісті барлық құжаттар берілгеннен кейін төлемдерді қабылдайды.

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Банк Шартқа түзетулер мен толықтырулар енгізуге міндетті.

3.1.4. Банк Компаниядан осы Шарт бойынша өзіне қабылдап алған міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындауды талап етуге құқылы.

3.1.5. Банктің уәкілетті органы сәйкес шешім қабылдаған жағдайда, Банк Компания үшін жақсарту жағына қарай Шарттың талаптарына/Тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ Банк ұсынатын жаңа қызметтер спектрін шектеусіз рет кеңейтуге құқылы. Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды Банк Банктің www.bcc.kz интернет ресурсында жаңа нұсқасында жариялайды және олар осындай орналастыру сәтінен бастап күшіне енеді.

3.1.6. Банк:

- төлемге рұқсат етілмеген деген күдік болған;
- мұндай нұсқау және ол бойынша ұсынылған құжаттар қолданыстағы заңнаманың талаптарына және Банк саясаттары, стандарттары мен процедураларына қайшы болған жағдайда,

предоставляет в Банк в письменном виде информацию об изменении адреса электронной почты Компании, способом предусмотренным пунктом 6.3. Договора.

2.7. Банк обеспечивает надлежащее функционирование систем, предназначенных для приема и обработки платежей, над которыми Банк имеет прямой контроль, и принимает все возможные меры для восстановления обслуживания в случае его приостановки по независящим от Банка причинам.

2.8. Возврат денег по ошибочному указанию или несанкционированному Плательщиком платежу и (или) переводу денег осуществляется Банком путем изъятия денег с банковского счета Компании, на который были зачислены указанные деньги, без его согласия.

3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

3.1. Права и обязанности Банка:

3.1.1. Банк предоставляет Компании список филиалов и отделений, с указанием месторасположения, через которые осуществляются прием платежей на Счет Компании, посредством размещения актуальной информации на сайте Банка www.bcc.kz.

3.1.2. Банк производит прием платежей после предоставления от Компании всех документов, которые должны быть предоставлены Банку в соответствии с действующим законодательством и внутренними правилами Банка.

3.1.3. Банк обязан вносить поправки и дополнения в Договор в случае изменений и дополнений в законодательство Республики Казахстан.

3.1.4. Банк вправе требовать от Компании надлежащего исполнения принятых на себя обязательств по настоящему Договору.

3.1.5. Банк вправе в одностороннем порядке вносить изменения и дополнения в условия Договора/Тарифы в сторону их улучшения для Компании, также расширять спектр новых услуг, предоставляемых Банком, неограниченное количество раз, при принятии уполномоченным органом Банка соответствующего решения. Изменения и дополнения в Договор публикуются Банком в новой редакции на интернет ресурсе Банка www.bcc.kz и вступают в силу с момента такого размещения.

3.1.6. Банк вправе отказаться от исполнения указаний Плательщиков Компании в случае:

- подозрений на несанкционированный платеж;
- если такое указание и предоставляемые по нему документы противоречат требованиям действующего законодательства и политиками, стандартами и процедурами Банка.

Компания Төлеушілерінің нұсқауын орындаудан бас тартуға құқылы.

3.1.7. Банк:

- қолданыстағы заңнаманы бұзатын операцияларды жүргізу туралы нұсқауларды қамтитын;
- қолданыстағы заңнамада көзделген мәліметтерді қамтымайтын;
- толтырылмаған немесе енгізілген түзетулердің жанына Төлеушінің атынан қол қойылмаған;
- қарындашпен толтырылған төлем құжаттарын;
- халықаралық экономикалық санкциялар, қолданысы Компанияға қатысты қолданылатын халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар енгізген жекелеген елдердің санкциялары болған кезде;
- қолданыстағы заңнамада, Банктің ішкі саясатында, стандарттары мен процедураларында көзделген басқа жағдайларда,

Компанияның клиенттерінен (Төлеушілерінен) төлем құжаттарын орындауға қабылдамайды.

Банк өзінің мұндай нұсқауларды орындаудан бас тартуына байланысты Компанияға көтеретін шығын үшін жауап бермейді.

3.1.8. Компанияның Банкте ашылған шоттарына тыйым салынған, шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер, инкассолық өкімдер болған жағдайда Банк Компанияның пайдасына төлемдерді қабылдамауға құқылы.

3.1.9. Банк Компанияның шотына қателесіп есептелген соманы Шотты тікелей дебеттеу арқылы есептен шығаруға құқылы.

3.1.10. Банк сыртқы тұлғалардың арналарын/жүйелерін пайдалана отырып, төлемдер мен аударымдар жасауға құқылы.

3.1.11. Компанияның шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының немесе сәйкес шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша осындай төлем құжатына Компанияның қосымша акцепті талап етілмейтін төлем құжаттарын көрсету рұқсат етілетін жағдайларды пайдалана отырып, Компанияға алдын ала хабарламастан және Компанияның қосымша келісімінсіз Компанияның Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шегіндегі кез келген басқа банкте (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған кез келген банктік шотына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем құжаттарын көрсету арқылы Компанияның кез келген шотынан Компанияның Банк алдындағы берешегі мөлшерінде кез келген валютамен ақша сомасын акцептісіз тәртіппен алуға (есептен шығаруға) құқылы.

3.1.7. Банк не принимает к исполнению платежные документы клиентов (Плательщиков) Компании, содержащие:

- указания о проведении операций, нарушающих действующее законодательство;
- не содержащие сведения, предусмотренные действующим законодательством;
- не заполненные или не подписанные от имени Плательщика исправления;
- заполненные карандашом;
- при наличии международных экономических санкций, санкций отдельных стран, введенных международными организациями, иностранными государственными и/или негосударственными органами и организациями, действие которых распространяется на Компанию.
- в иных случаях, предусмотренных действующим законодательством, внутренними политиками, стандартами и процедурами Банка.

Банк не несет ответственности за убытки, понесенные Компанией в связи с отказом Банка в исполнении таких указаний.

3.1.8. Банк вправе не принимать платежи в пользу Компании в случае наличия ареста, распоряжения приостановления расходных операций, инкассового распоряжения счета Компании открытых в Банке.

3.1.9. Банк вправе производить списание ошибочно зачисленных на Счет Компании, путем его прямого дебетования.

3.1.10. Банк вправе осуществлять платежи и переводы с использованием каналов/систем сторонних лиц.

3.1.11. В случае отсутствия денег либо их не достаточности Счетах Компании Банк без предварительного уведомления и дополнительного согласия Компании имеет право в безакцептном порядке изымать (списывать) в любой валюте суммы денег с любых Счетов Компании, в размере имеющейся задолженности перед Банком, путем предъявления платежных документов, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, к любым банковским счетам Компании, открытым в любых других банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций) на территории Республики Казахстан и за ее пределами, в случаях, когда законодательством Республики Казахстан или соответствующего иностранного государства допускается предъявление платежных документов, не требующих дополнительного акцепта Компании к такому платежному документу.

Осы тармақшаның қағидалары Шарттың 3.1-тармағының 3.1.16-тармақшасында қарастырылған төлемдерді төлеушілерге қайтаруға қолданылмайды.

3.1.12. Банк www.bcc.kz ресми сайтында орналастырылған Банктің бекітілген тарифтеріне сәйкес Банктің кассалары арқылы қолма-қол ақша қаражатын қабылдаған кезде, Компаниядан комиссия ұстауға құқылы.

3.1.13. Банк криптовалютаға байланысты операцияларға қызмет көрсетуден бас тартуға / оларды бұғаттауға құқылы.

3.1.14. Банк жеке тұлғалардан банктік шот ашпай-ақ төлемдер қабылдауды жүзеге асыруға және оларды Банктің операциялық күні ішінде сағат 10:00-ден бастап (Астана қ. уақыты бойынша) аударуға құқылы.

3.1.15. Банк Компанияның тауарларды, жұмыстарды және/немесе қызметтерді өткізу орындарында халықаралық төлем жүйелерінің және Банктің логотиптері бар жапсырмаларды орналастыруға, сондай-ақ Компанияны, оның ішінде олардың сауда белгілерін маркетингтік акцияларда және Банк жүзеге асыратын жарнамада көрсете отырып, атауға құқылы.

3.1.16. Банк Төлеушіге Шарттың 3.2-тармағының 3.2.19-тармақшасында көзделген жағдайда және тәртіппен Компанияның екінші деңгейдегі Басқа банктердегі шоттарына жіберген кезде шоттан немесе Банктің басқа Төлеушілерден алған сомасынан ақша ұстап қалу арқылы тауар/жұмыс/қызмет үшін төлем сомасын қайтарады. Ұстап қалу тауар/жұмыс/қызмет қайтарылған күннен бастап немесе банкке белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Компания Банкке тауар жеткізілген немесе жұмыс/қызмет орындалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн өткеннен кейін Төлеушінің ақшалай қаражатын қайтару туралы хабарлаған болса, төлем сомасы Банк комиссиясын ескере отырып толық көлемде қайтарылады.

3.2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.2.1. Компания Банктен Шартта және техникалық бірлесіп әрекеттесу талаптарында көзделген талаптарда қабылданған төлемдер бойынша ақпарат алуға құқылы.

3.2.2. Компания Шартқа және тарифтік жоспарларға енгізілген өзгерістер туралы Банктің құрылымдық бөлімшелерінде немесе анықтама қызметінің телефондары арқылы, сондай-ақ www.bcc.kz сайтында өз бетінше білуге құқылы.

3.2.3. Компания осы Шартқа сәйкес Банктің талаптарын орындауға міндеттенеді.

3.2.4. Компания Банктің филиалында шот ашады және өз клиенттеріне Банктің филиалдық желісі арқылы төлемдер жасауға болатыны туралы

Положения настоящего подпункта не распространяются на возвраты платежей Плательщикам, предусмотренные подпунктом 3.1.16 п. 3.1. Договора.

3.1.12. Банк вправе взимать комиссию с Компании при приеме наличных денежных средств через кассы Банка согласно утвержденным тарифам Банка, размещенным на официальном сайте www.bcc.kz.

3.1.13. Банк вправе отказать в обслуживании/блокировать операции, связанные с криптовалютами.

3.1.14. Банк вправе осуществлять прием платежей от физических лиц без открытия банковского счета и зачислять их в течение операционного дня Банка, начиная с 10.00 часов (по времени г. Астана).

3.1.15. Банк вправе в местах реализации Компании товаров, работ и/или услуг, размещать наклейки с логотипами международных платежных систем и Банка, также упоминать Компании, в том числе с демонстрацией их торговых знаков в маркетинговых акциях и рекламе, осуществляемой Банком.

3.1.16. Банк осуществляет возврат Плательщику суммы платежа за товар/работу/услугу в случае и порядке предусмотренным подпунктом 3.2.19 пункта 3.2. Договора, путем удержания денег со Счета или из суммы, полученной Банком от других Плательщиков при ее направлении на счета Компании в других банках второго уровня. Удержание осуществляется в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты возврата товара/работы/услуги или с даты когда это стало известно Банку. Сумма платежа возвращается в полном объеме с учетом комиссии Банка, если Компания сообщила Банку о возврате денежных средств Плательщика по истечению 14 (четырнадцати) календарных дней с даты поставки товара или исполнения работы/услуги.

3.2. Права и обязанности Компании

3.2.1. Компания имеет право получать от Банка информацию по принятым платежам на условиях, предусмотренных Договором и условиями технического взаимодействия.

3.2.2. Компания имеет право самостоятельно узнавать о внесенных изменениях в Договор и тарифных планах, в структурных подразделениях Банка или по телефонам справочной службы, а также на сайте www.bcc.kz.

3.2.3. Компания обязуется исполнять условия Банка, согласно настоящему Договору.

3.2.4. Компания открывает Счет в филиале Банка и уведомляет своих клиентов о возможности осуществления платежей через филиальную сеть

хабарлап, филиалдары мен Банк бөлімшелерінің мекенжайларын ұсынады.

3.2.5. Компания Шарттың үлгі нысанына жасалған Өтініштің (1-қосымша) негізінде Жүйеге қосылады.

3.2.6. Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банкке комиссиялық сыйақы төлеу. Компанияның шотында комиссиялық сыйақы төлеу үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, Өтініште көрсетілген талаптарға сәйкес оны келесі күннен кешіктірмей толықтыруды қамтамасыз ету;

3.2.7. Төлеушілердің сауалдары бойынша және олар растайтын төлем құжатын ұсынғаннан кейін қате деректермен (деректемелермен) есептелген төлем бойынша түзетулер енгізуге және төлемдердің тиісті сомасын есепке алуға бағытталған барлық әрекеттерді жүргізу;

3.2.8. Құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген, орналасқан жері, заңды мекенжайы, телефон факс нөмірлері, Компания уәкілетті тұлғаларының телефон нөмірлері өзгерген жағдайда, сондай-ақ Шарт талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер болған жағдайда, осындай өзгеріс болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы өзгерістерді растайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделген құжаттарды ұсына отырып, Банкті жазбаша түрде хабардар ету;

3.2.9. Банкке Компания тарапындағы барлық техникалық іркілістер туралы және оларды жою және Төлеушілерден төлемдерді қабылдауды қайта басталатынын хабарлау;

3.2.10. Банктің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарын орындауы үшін қажетті құжаттарды Банкке ұсыну;

3.2.11. Төлемдер тізілімінің форматы (3-қосымша) осы Шартқа жасалған Өтінішке (1-қосымша) қол қойған кезде белгіленеді, бұл ретте:

а) Компанияға «BCC Business» арқылы тізілім берілген жағдайда – Компанияны «BCC Business» жүйесіне қосу талаптары екіжақты жеке шарт бойынша реттеледі;

б) тізілімді жіберген жағдайда, компанияның электрондық мекенжайына жіберіледі.

3.2.12. Компания өзінің шотына қабылданған төлемдер тізілімінің форматын өзгертуге және екіжақты қосымша келісімнің талаптарымен ақша аударымдары туралы қосымша мәлімет сұрауға құқылы.

Банка с предоставлением данных о местонахождении филиалов и отделений Банка.

3.2.5. Компания подключается к Системе на основании Заявления к типовой форме Договора (Приложение 1).

3.2.6. уплачивать Банку комиссионное вознаграждение, согласно действующим Тарифам Банка. В случае недостаточности средств на Счете Компании для оплаты комиссионного вознаграждения обеспечить его пополнение не позднее следующего дня, согласно условиям, указанного в Заявлении;

3.2.7. по запросам Плательщиков и по предъявлении ими подтверждающего платежного документа, платеж, который был зачислен с ошибочными данными (реквизитами), произвести все действия, направленные на внесение исправлений и зачисление соответствующей суммы платежей;

3.2.8. уведомить Банк в письменном виде, в случае внесения изменений/дополнений в учредительные документы, изменения места нахождения, юридического адреса, номеров телефонов, факсов, номеров телефонов уполномоченных лиц Компании, а также при других изменениях, имеющих значение для выполнения условий Договора, в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты такого изменения с предоставлением документов, подтверждающих эти изменения, оформленных в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренних документов Банка;

3.2.9. уведомлять Банк обо всех технических сбоях на стороне Компании и о их устранении и возобновлении приема платежей от Плательщиков;

3.2.10. представить в Банк документы, необходимые для исполнения Банком требований Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма».

3.2.11. Формат реестра платежей (Приложение 3) определяется при подписании Заявления к настоящему Договору (Приложение 1), при этом:

а) в случае предоставления Компании реестра через «BCC Business» – условия подключения Компании к «BCC Business» регулируются отдельным двухсторонним договором.

б) в случае отправки реестра отправляется на электронный адрес Компании.

3.2.12. Компания имеет право изменять формат реестра платежей, принятых на Счёт Компании и запросить дополнительные сведения о переводах на условиях дополнительного двухстороннего соглашения.

3.2.13. Осы Шарттың 3.1.5-тармағына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Компания Шарттың талаптарын орындауға келіседі және міндеттенеді. Бұл кезде Компания енгізілген өзгерістер туралы Банктің құрылымдық бөлімшелерінен немесе телефон арқылы анықтама қызметінен, сондай-ақ сайттан өз бетінше білуге міндетті.

3.2.14. Компания Банктің осы Шарт бойынша өзіне қабылдап алған міндеттемелерін орындау барысына әсер етуі мүмкін өткізілетін іс-шаралар туралы іс-шараларды өткізу басталатын күннен кемінде 15 (он бес) күнгізбелік күн бұрын Банкке жазбаша хабарлауға міндетті.

3.2.15. Компания осы Шарттың 3.2.15-тармағының талабын орындамаған жағдайда, Компания Банк көтерген шығынды өтеуге міндетті.

3.2.16. Компания Шотқа қателесіп есептелген ақшаны Банкке тез арада және толық көлемде қайтаруға міндеттенеді.

3.2.17. Шотқа ақшаның қателесіп есептелу дерегі анықталған жағдайда, Компания қателесіп есептелген төлем жүргізілген Шот бойынша үзінді-көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ол туралы Банкке хабарлауға міндеттенеді.

3.2.18. Егер Компания өзі сататын тауарды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қайтаруды қабылдауды жүзеге асырған жағдайда (толық немесе ішінара), онда қайтару аясындағы өтеу сомасы Банктің пайдасына төленуі тиіс, бұл ретте Компания Төлеуші тауарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қайтару (толық немесе ішінара) туралы өтініш берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей себебін және Банк белгілеген нысанда ресімделген және diroproc@bcc.kz электронды поштасына жіберілген Қайтару тізілімімен ресімделген өтеу сомасын көрсете отырып, қайтаруды ресімдеу туралы хабарлауы тиіс;

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

